

**Астана қаласы әкімдігінің «№2 көпбейінді қалалық аурухана»  
ШЖҚ МҚК қызметкерлерімен «AMANAT» партиясының Есіл  
аудандық филиалының маслихат депутаттарымен кездесудің  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 19 қазанда

**Откізілу орны: Улкен конференц-зал  
Откізілу уақыты: 10.00 сағат**

**Төраға: Ә. Бахытжанов-компланес-офицер  
Катысқандар саны: 78 қызметкер**

**Күн тәртібі:** 1. «№2 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МҚК қызметкерлерімен «AMANAT» партиясының (бұдан әрі-Партия) Есіл аудандық филиалының төрағасы Исақов Ерболат Түгелбайұлымен, Астана қалалық мәслихатының №13 бір мандатты округ бойынша депутаты Тәжімуратов Габит Қалиұлымен және «AMANAT» партиясының Есіл аудандық филиалы жанындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Владимир Викторович Савкинмен кездесу өткізу.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты сұрақтар, жауаптар және т.б.

**Сөз сөйлегендер:**

**«№2 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МҚК директоры Н. Тұрсынбаев жиналған қызметкерлерді келген қонақтармен таныстырып, оларға өз ойларындағы мәселер бар болса дайындал, бөлісіп отыруын ұсынды.**

**Партия филиалы жанындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Владимир Викторович Савкин сөз сөйледі:**

Сөз сөйлеу барысында В.В. Савкин Партияның сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіп жатқан жұмысы туралы айттты.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы және осы тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілгені туралы айтылды.

Тұжырым сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюдың, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етудің, қогамдық сананың түбегейлі өзгеруіне бағытталған атап көрсетті.

Тұжырымдама ережелерін іске асыру мақсатында жоспарда нақты жүзеге асыруға болатын алты бағытта іс-шаралардың көзделгенін, оның ішінде «тұрмыстық сыйбайлас жемқорлықты» ерекше назар аударылғанын айтты.

Сонымен қатар, тұрмыстық сыйбайлас жемқорлық бұл адамның күнделікті өмірінде әр түрлі сыйлықтар мен ақша үнемі ұсыну және азаматтардың түрлі сыйлықтары мен лауазымды тұлғага және оның отбасы мүшелеріне көрсетілетін қызметтер кіреді деп түсініктеме берді.

Сондай-ақ, мысалы ретінде, сіздердің жағдайыныңда қандай да бір ем алу үшін сіздерге жүгінеміз және өтінішпен сапалы ем алу үшін бір қорап кәмпіт, ғұлдер береміз. Кәмпіттер қорабы кішкене нәрсе сияқты – бірақ бұл қазірдің өзінде сыйбайлас жемқорлық фактісі екенін айтты.

Яғни, ұзақ уақыт бойы адамдар, егер ол қандай да бір ұсыныс жасамаса, нәтиже болмауы мүмкін немесе сапалы ем ала алмаймын деп ойлады.

Жалпы, біздің елде бәрі үшін Алғыс айту әдет: дәрігерге барғаны үшін, емтиханды сәтті тапсырғаны үшін, қандай да бір жұмысты тез орындағаны үшін және т. б.

Сонымен бірге, егер жоспарланған іс сәтті аяқталса (*мысалы, жүргізілген операция, сол істерінде жеңіске жету*), онда халықтың көп бөлігі мұны жасаған адамға (*операция жасаған дәрігерге; солта сіздің мүдделеріңізді білдіремін заңгерге*) алғыс айтуға міндептіміз деп ойлау қалыптасқан.

Сыйбайлас жемқорлық туралы айтатын болсақ, сыйлықтың мөлшері мен сомасы маңызды емес, ол пара беру фактісінің орын алғаны болып табылады.

**Қорытындылай келе, В.В. Савкин** сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында біз сіздермен бірге осы Тұжырымдаманы сапалы іске асыруды қамтамасыз етуіміз қажет деді. Сонымен қатар, біз өз балаларымызға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы «Нөлдік төзімділікті» қалыптастыруымыз, отанымызға деген сүйіспеншіліктерін арттыруымыз қажет.

Егер де қандай да, жеке мәселелер болып жатса кез келген уақытта бізге келіп жолығуларының болады деп сөзін аяқтады.

**Сұрақ:** «Қандай жағдайда қызыметкерлер жауапқа тартылу мүмкін?»

**Ә. Бахытжанов-компланес-офицер** - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 367-бабына сәйкес 2 АЕК-тен асатын сомаға сыйлық пара болып саналады және қылмыстық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады, ал өзге жағдайларда (егер сыйлықтың құны аз болса) әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодектің 676 және 678-баптарына сәйкес заңсыз материалдық болып табылады деп түсініктеме берді.

**Астана қалалық мәслихатының №13 бір мандатты округ бойынша депутаты Тәжімұратов Габит Қалиұлы өз сөзінде:** Сіздерге келудің негізгі мақсатымыз сіздермен сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша әңгімелесу және күнделікті өмірде туындаған мәселелеріңізді тындау үшін келіп отырмыз. Сонымен бірге, Партия тарарапынан атқарылып жатқан жұмыстарымызға есеп беруге келдік. Сіздердің, осы жерде көтерген мәселелерді, яғни халықтың мұн мұқтажын жоғарыға Мәжіліске, Үкіметке жеткізу. Сіздердің көтерген жылу мәселесін, әкімдіктің жанындағы «Қоғамдық кеңесте» қарau үшін көтереміз.

Сонымен бірге, әрбір мемлекеттік органдардың өкілдерін шақырып, өздерінізге тиісті жауаптарының ала алатындей біз сіздерге «Қоғамдық кеңес» үйымдастыруға дайынбыз, ол құқықтық, жұмысқа тұру, инфракүрүлім бағыттағы мәселелер боуы мүмкін, «Отбасы банктің» кеңесі алу және т.б.

**Сұрақ:** «Арнау-4» тұрғын үй кешенде тұратын тұрғын ретінде, «Неге аптасын екі мәрте краннан «лай су» агады?», осы мәселені қарасаңыздар деп ұсыныс жасады.

**Жауап:** Біз казір жазып аламыз, бұл мәселені анықтап, жауабын береміз деді.

**АМАНАТ» партиясының Есіл аудандық филиалының төрағасы Исақов Ерболат Түгелбайұлы өз сөзінде:** больница қызметкерлеріне, олардың бүгінгі таңда атқарып жатқан қызметтеріне ерекше торқталып өтіп, рахметтің айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермес үшін маслихат депутаты тарапынан сіздердің де әлеуметтік мәселелеріңізді ұмытпауымыз қажет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың бір себебі, ол атқарып жатқан еңбектеріңізге лайықты жалақы жеткілікті болу керек деп ойлаймын. Сыбайлас жемқорлық мәселесі болдырмау өзімізге байланысты, біз өзіміз ешкіме бермеуіміз керек, біз ешкімнен алмауымыз қажет. Бүгінгі кезде, мемлекетімізге қайтарылған сыбайлас жемқорлықтың ақшасына 400 мектеп салынып жатқанын атап өткім келеді.

Сіздермен көтеріліп жатқан мәселелердің бәрін білеміз, больницаға күрделі жондеу, жылу мәселесі, қызметкерлерге және келушілерге арналған автотұрак, кәріздеу және т.б.

Өз гаралыман сіздерің мекемелеріңіз бойынша, яғни шамадан тыс жүктеме жөнінде депутаттық сауалдама жолдағам. Ал мекемедегі жылу мәселесіне токталатын болсақ, депутаттық сауалдама жолдаймын, бұл мәселені әкімдікте шешу керек деп ойлаймын.

Депутат ретінде өзімде халықтың талабын орындау мақсатында «Жол картада» көрсетілген мәселелерді шешу үшін бірнеше жұмыс атқарылып жатыр. Қазіргі кезде туындаған мәселелер бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу немесе Үкіметке жеткізу үшін, Мәжіліс депутатарымен бірлесе жұмыс атқарылып жатыр.

**«№2 конбейінді қалалық аурұхана» ШЖК МҚК директоры Н. Тұрсынбаев сөз алғып, мен өз тарапынан қызметкерлерімнің мәселерін жинақтан сіздерге жеткізсем деймін.**

Біздің мекеменің бірде бір мәселесі, ол күрделі жондеу қажеттілігі, біздің ақылы қызметтен тауып жатқан қаржымыздың көбі осы мекемемізді жөндеуге кетеді. Тағы бір шеше алмай жатқан мәселе, ол автотұрақ қызметкерлеріміз үшін, лифтті ауыстыру дегендей.

Атап өткім келеді, біз өз қаражатымыздан қала маңында тұратын 50 қызметкерге ариап, таңертегі уақытта екі бағытта автобус жүргізілген, әрине әтімдік медициналық ұйымдарға қосымша көмек берсе өте дұрыс болар еді, онда біз тағы да бір қала маңында (*Лесная поляна, Косцы және т.б.*) тұратын қызметкерлерге ариап қосымша үшінші автобус жүргізер едік.

Сонымен бірге, қызметкерлер балаларын жұмысқа жақын жерге орналаскан бала бақшаша, мектепке орналастыру мәселелері бар.

Айта беретін болсақ мәселелер өте көп, бірақ біздің бір өтінішіміз ол қалалық үлкен медициналық ұйымдарды қосымша республикалық бюджеттен қаржыландыру, осы мәселені халалық маслихата, әкімдікке жоғары отырган ларға жеткізсөніздер.

Тегі бір мәселе, біздің дәрігерлеріміз еш жақтан қорғалмаған, мысалы науқастар немесе олардың туыскандары тараапынан қол көтеру, балағаттау орын алып жатады, сондай жағдайда қызметкерлеріміздің іс-әректерін, не істей қажет бойынша ақпарат берсе.

Сондай-ақ, күрметті әріптестер қажет деп санайтын болсаңыздар, «AMANAT» партиясы әлеуметтік мәселелерінізді шешуге, тиісті жауап алу үшін, сіздерге арналған жұмыс орныңында «Қоғамдық кеңес» ұйымдастыруға дайын екенін айткым келеді.

«AMANAT» партиясының алға қойған идеяларын толықтай қолдаймыз, іс-шараларын, қойылған талапатарын өз тараапымыздан біздің мекеме жүзеге асырудамыз – деп сөзін аяқтады.

Басқа сұраптар болмаса, барлықтарыңызға рахмет.

Теге:

Ә. Бахытжанов

Хатын:

Б. Сүгірбаева